

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 292 бұйрығына N 1 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылғы 2 тамыз N 395 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 тамыздағы N 879 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 11 қарашадағы N 480 бұйрығымен. (Бұйрықтан үзіндіні төменнен қараңыз.)

Ескерту: ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 11 қарашадағы N 480 бұйрығы мен күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесінен үзінді:

"Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қарашадағы N 1675 қаулысына сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Министр

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 292 бұйрығына N 1 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 395 бұйрығы V990879 \_ . \_\_\_\_\_

"Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 7 сәуірдегі және "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335\_ қаулысына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 маусымдағы N 834 P990834\_ және "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының мәселелері" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 553 P930553\_ қаулыларына, 1999 жылғы 11 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқарушысы бекіткен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Шаруашылық Басқармасы туралы ережеге сәйкес

Бұйырамын:

1. "Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 292 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың ережесінде (бұдан әрі - Ереже):

1) Ережеге N 1-қосымшада:

"Ресми делегацияларға қызмет көрсету", "Іскерлік ынтымақтастық шеңберінде ТМД елдерімен ақпараттық саясатты жүргізу" және "Ауыл шаруашылығында реформаларды мемлекетті қолдау" деген жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"10.3.212.46.31 Ормандар мен жануарлар әлемін жердегі қорғау, 1-топ";

2) Ережеге N 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"6.2.258.57 Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау, 1-топ

6.2.258.57.32 Санаторлық-курорттық емдеу жөніндегі жеңілдіктер, 1-топ

6.2.258.58 Жергілікті деңгейде ішкі әскерлер мен мерзімді қызметтің әскери

қызметшілерін әлеуметтік қолдау, 1-топ

6.2.258.58.30 Қоғамдық көліктің барлық түрлеріне - қалалық, қалааралық және жергілікті бағыттағы (таксиден басқа) жүру жөніндегі жеңілдіктер

6.2.258.59 Жергілікті деңгейде 1999 жылғы 7 сәуірге дейін "Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған, "Халық қаһарманы" жоғарғы атағына, республиканың құрметті атақтарына ие болған азаматтарды әлеуметтік қолдау, 1-топ

6.2.258.59.30 Қоғамдық көліктің барлық түрлерінде - қалалық,

қалааралық және жергілікті бағыттағы (таксиден басқа) жүру жөніндегі жеңілдіктер, 1-топ

6.2.258.59.31 Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулерге арналған шығыстар бойынша жеңілдіктер, 1-топ".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.